

**Мұғалжар ауданы бойынша жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі № 133 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 сәуірде № 5460 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 191 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының әкімдігінің 31.05.2019 № 191 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Атау жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 08.12.2017 № 464 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мұғалжар ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 08.12.2017 № 464 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Назаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е.Данағұлов*

Мұғалжар ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы "12" сәуірде  
№ 133 қаулысымен бекітілді

## Мұғалжар ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 08.12.2017 № 464 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы /аудан,қала /	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар
1	Мұғалжар ауданы	985	-	-

### Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата – аналарының бір күнге төлемақы мөлшері /теңге/		
Балабақша	Мектепжанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар
Қалалық жердегі орналасқан		
400	-	-
Ауылдық жердегі орналасқан		
400	-	-